

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі



СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ САЯСАТ

**Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет:
білім және тәрбие**



БІЗДІҢ МІНДЕТ - ХАЛЫҚҚА ҚЫЗМЕТ

ANTICORRUPTION.GOV.KZ



Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегиясы

«Бүгінде құқықтық салада сыбайлас жемқорлыққа қарсы тиімді күреске бағытталған бірқатар реформалар жүргізілді. Бірақ олар жеткіліксіз. ... Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегиясын қабылдау қажет. Мемлекет қызмет өкілеттігін жеке мақсаттарға пайдалану тиімсіз әрі мүмкін емес болатындай жағдайлар жасауы керек. Ол үшін осы жұмыстағы әлемдік озық тәжірибелерден үйренген жөн.»



Нұрсұлтан Назарбаев
Қазақстан Республикасының Президенті
2014 жылғы 2 қыркүйек

2014 жылғы 26 желтоқсанда Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен Қазақстан Республикасының 2015-2025 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегиясы бекітілді. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы Стратегияның мақсаты мемлекеттің сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатының тиімділігін арттыру, сыбайлас жемқорлықтың кез келген көрінісіне «мүлдем төзбеушілік» ахуалын жасау арқылы сыбайлас жемқорлыққа қарсы қозғалысқа бүкіл қоғамды тарту және Қазақстанда сыбайлас жемқорлық деңгейін төмендету болып табылады.

2014 жылғы 6 тамызда Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі құрылды. Агенттіктің миссиясы:

- мемлекеттік қызмет
- сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл
- мемлекеттік қызмет қорсету салаларында біртұтас мемлекеттік саясатты іске асыру.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы жұмыста акценттің алдын алу шараларына ауысуы

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ СТРАТЕГИЯНЫҢ ТҮЙІНДІ БАҒЫТТАРЫ:

Мемлекеттік қызмет саласындағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл

Қоғамдық бақылау институтын енгізу

Квazимемлекеттік және жекеше сектордағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл

Сот және құқық қорғау органдарындағы сыбайлас жемқорлықтың алдын алу

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ МӘДЕНИЕТ ДЕҢГЕЙІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша халықаралық ынтымақтастықты дамыту

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегиядан:

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыруда **өскелең ұрпақпен жұмыс** қағидатты маңызды рөл атқарады. Тек жас кезінен мінез-құлықтың сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттарын енгізу бұл әлеуметтік зұлымдықты жоюға мүмкіндік береді.

Бала кезінен тұлғаны қазақстандық патриотизм және сыбайлас жемқорлықты қабылдамау рухында тәрбиелеу маңызды болмақ. **Сыбайлас жемқорлыққа қарсы оқытатын курстармен барлық оқу орындарын, мемлекеттік органдар мен тұтастай алғанда барлық азаматтық қоғамды қамту қажет.**

Талай сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар азаматтардың өз құқықтары мен заңды мүдделерін іске асырған кездегі құқықтық сауаттылығы әлсіздігінің салдары болып табылады. Қоғамдағы құқықтық нигилизмнің түбегейлі жойылуына қол жеткізу қажет.

Бұл ахуалды түзеу үшін **халық арасында кең ауқымды түсіндіру жұмысы**, олардың жасын, кәсіби және өзге де ерекшеліктерін ескере отырып, азаматтардың құқықтық мәдениетін арттыру жөніндегі жүйелі әрі тынымсыз жұмыс жүргізілуі керек.»



Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті білім жүйесі арқылы қалыптастыру

Агенттікпен Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігімен бірге сыбайлас жемқорлыққа қарсы білім мен сауаттандыру саласында кешенді шараларды әзірлеу үшін жұмыс тобы құрылды. Жұмыс тобына қатысатындар:

Білім және ғылым министрлігі
(методология және білім мазмұны басқармалары)

Бұқаралық ақпарат құралдары

Азаматтық сектор

ҚР Президентінің жанындағы
Мемлекеттік басқару академиясы

Елдің ірі ЖОО және академиялық орталықтар

Мәдениет және спорт министрлігі



Сыбайлас жемқорлыққа қарсы білімнің қадамдық енгізілуі

1. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы білімнің методологиясы мен тәсілдерін анықтау


2. Білімнің барлық деңгейлері бойынша типтік оқу бағдарламаларға ұсынымдарды әзірлеу

3. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бойынша білім бағдарламалардың, оқу материалдардың жобасын әзірлеу

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы біліммен қамту

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы сауаттандыру сұрақтарын барлық деңгейдегі білім мекемелерінің оқу процессіне қосу:

- мектепке дейінгі оқу мен тәрбие (балабақшалар)
- бастауыш, негізгі және жалпы орта білім (жалпы білім беретін мектептер)
- техникалық және кәсіби білім (колледждер)
- жоғары және жоғары білімнен кейінгі білім (жоғары оқу орындары)





Мектепке дейінгі және орта білім

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы тақырып бойынша сұрақтар мектепке дейінгі оқу мен тәрбие және орта білім деңгейінде тиісті пәндердің типтік оқу бағдарламаларына қосылды.

Нәтиже ретінде оқушылар:

- Балабақшалардағы жоғары топтар
(«Әлеуметтік орта», «Таным» білім беру салалары)
- Мектептегі бастауыш сыныптар
(«Дүниетану» пәні)



- Өзінің және басқаның еңбегінің зейнетін қадірлеу
- Адал еңбекті өмірді жақсартудың басты құралы ретінде қарастыру
- Бар игілікті қоғам үшін қолдануға ұмтылу
- Әр түрлі кәсіптердің маңыздылығын, олардың адамдардың өміріне әсерін түсіну
- Мемлекеттік қызметтің мағынасын, оның басты құндылықтарын – адалдықты, тұрақтылықты, отаншылдық пен Отанға қызмет етуді түсіну
- Құқық бұзушылықтарға қарсы келуге дайын болу тиіс



Нәтиже ретінде оқушылар:

Мектептегі жоғарғы сыныптар
(«Адам. Қоғам. Құқық» пәні)



- Сыбайлас жемқорлықты әлеуметтік қатер, кәсіпкерлікке барьер ретінде қабылдау
- Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманың негізгі ережелерін білу (оның ішінде әкімшілік және қылмыстық заңнама)
- Кәсіптік этика туралы басты түсінік болу
- Мемлекеттік қызметтің және сыбай ас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың қағидаттарын білу
- Қоғамға жат, сыбайлас жемқорлық көріністеріне қарсы келе алу тиіс



Сыбайлас жемқорлыққа қарсы білім: тәрбие жұмысы

Агенттікпен сыбайлас жемқорлыққа қарсы сұрақтар Білім және ғылым министрлігімен бекітілген «Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздеріне» қосылды. «Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері» Қазақстан Республикасының білім жүйесінде даму перспективаларын, басым бағыттарды, мақсаттарды, міндеттерді, бағалау белгілерін және тәрбие механизмін белгілейді. Бұл құжат барлық білім мекемелерінің тәрбие жұмысының жоспарларын әзірлеу үшін негіз болып табылады.



Өскелең ұрпақты тәрбиелеу қоғамда сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастырудың маңызды факторы болып табылады. Дәл сондықтан білім мекемелерінде тәрбие процессін түзету бойынша шаралар қолданды.

Бағыт

Қазақстандық отаншылдықты және азаматтықты тәрбиелеу, құқықтық тәрбие

Мақсат

Жаңа демократиялық қоғамда өмір сүруге икемді патриот пен азаматты қалыптастыру

Болжалды нәтиже

Оқушы жастарда қазақстандық отаншылдықтың, азаматтық сана сезімнің, құқықтық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениеттің, толеранттықтың және тұлғаның әлеуметтік мағыналы қасиеттердің қалыптасуының өскен деңгейі

АЛҒАШ РЕТ БЕКІТІЛГЕН АНЫҚТАМА:

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет – сыбайлас жемқорлыққа төзбеушілік қатынасты қамтып көрсететін, «Адалдық – тәртіп нормасы» берік азаматтық позициясын бағамдайтын сыбайлас жемқорлықты көпшілік кінәлауда көрінетін құндылықтар жүйесі.



Техникалық және кәсіби, жоғары білім

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы тақырып бойынша сұрақтар «Құқық негіздері» пәндерінің типтік оқу бағдарламаларына техникалық және кәсіби, жоғары білім деңгейлерінде қосылды.

Нәтиже ретінде оқушылар:

Кәсіби колледждердегі оқудың бірінші/екінші жылы («Құқық негіздері» жалпы білімдік пәні)

- Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманың ережелерін білу
- Сыбайлас жемқорлықтың болмысын, себептерін және зардаптарын, сыбайлас жемқорлық әрекеттің құрамын түсіну
- Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтары үшін әкімшілік және қылмыстық жауапкершілікті ажырату
- Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың қағидаттарын, сыбайлас жемқорлықпен күресте көмектескен тұлғалардың қол сұғылмаушылық кепілі туралы білу

Жоғары оқу орындарындағы оқудың бірінші жылы («Құқық негіздері» жалпы білімдік пәні)

- Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманың ережелерін жалпылай алу
- Сыбайлас жемқорлықтың болмысын, себептерін және зардаптарын, сыбайлас жемқорлық әрекеттің құрамын түсіну
- Жауапты лауазымды тұлғаларға арнайы талаптарды, мемлекеттік қызметшілердің сыбайлас жемқорлыққа қарсы тәртібінің және этикасының қағидаттарын білу
- Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың қағидаттарын, сыбайлас жемқорлықпен күресте көмектескен тұлғалардың қол сұғылмаушылық кепілі туралы білу
- Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың және қылмыстардың, сондай-ақ, оларды істегені үшін жауапкершіліктің ерекше өзгешеліктерін ажырату
- Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл органдар қызметінің басты бағыттарын білу тиіс





ЖОО және мемлекеттік қызметшілер үшін білім бағдарламасы



ЖОО үшін «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет негіздері» модельді оқу бағдарламасы

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет негіздері» модельді оқу бағдарламасы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бойынша пәндерді оқыту кезінде қазақстандық ЖОО оқу-әдістемелік қамсыздандыру мақсатында әзірленді. Бағдарлама Білім және ғылым министрлігімен елдің барлық 126 ЖОО бакалавриаттың басты мамандықтары бойынша сыбайлас жемқорлыққа қарсы пәндер бойынша өз жұмыс бағдарламаларын әзірлеу үшін ұсынылды.

Модельді бағдарламаның бөлімдері

1. «Сыбайлас жемқорлық» ұғымының теориялық-методологиялық негіздері
2. Қазақстандық қоғамның әлеуметтік-экономикалық қатынасын жетілдіруі сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылға жағдай ретінде
3. Сыбайлас жемқорлық тәртіп жаратылысының психологиялық ерекшеліктері
4. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру
5. Жастардың сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетін қалыптастырудың ерекшеліктері
6. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастырудың этникалық ерекшеліктері
7. Сыбайлас жемқорлық әрекет үшін құқықтық жауапкершілік
8. Әр түрлі салалардағы сыбайлас жемқорлық әрекет үшін моральдық-этикалық жауапкершілік
9. Діни нормалар мен құндылықтар - қоғамның сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениеттің қағидаттары

МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТШІЛЕРГЕ АРНАЛҒАН ҚАЙТА ДАЙЫНДАУ ЖӘНЕ БІЛІКТІЛІГІН АРТТЫРУ БАҒДАРЛАМАСЫ

ҚР Президентінің жанындағы Мемлекеттік басқару академиясымен бірге Мемлекеттік қызметшілерді сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл сұрақтары бойынша оқытудың типтік бағдарламасы әзірленді және бекітілді. Типтік бағдарлама сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнама, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарын алдын алу, мемлекеттік қызметтегі этика мен мүдделер қақтығысы сияқты және т.б. практикалық білімді игеруді ескереді.

Бағдарламаның мақсатты контингенті:

«Б» корпусының әкімшілік мемлекеттік қызметіне алғашқы рет түскен мемлекеттік қызметшілер

«Б» корпусының әкімшілік мемлекеттік қызметінің басшы қызметіне алғашқы рет тағайындалған мемлекеттік қызметшілер

«А» корпусының әкімшілік мемлекеттік қызметіне алғашқы рет түскен мемлекеттік қызметшілер



Мақсатты топтар үшін білім бағдарламалары

Мақсатты топтарды сыбайлас жемқорлыққа қарсы сауаттандырумен қамту үшін **«Әр түрлі әлеуметтік топтарда сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру» оқыту курсының бағдарламасы** әзірленді және қолдану үстінде. Бағдарлама:

- үнемі және жүйелі оқыту арқылы сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыруға бағытталған
- кешенді, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың құқықтық, әлеуметтік, басқарушылық және басқа аспектілерін қамтыды
- тұрғындардың барлық топтарын, орталық және аймақтық деңгейлерде сыбайлас жемқорлыққа қарсы білім беру және сауаттандырумен қамтуды бағамдайды

БАҒДАРЛАМАНЫҢ МІНДЕТТЕРІ:

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бойынша мемлекеттік саясатпен таныстыру

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманың басты ережелерін түсіндіру

Кәсіби қызметті жүзеге асыру барысында этикалық нормаларды қарастыру

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл сұрақтарында тиісті әлеуметтік топтардың мағынасын анықтау

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы тәртіптің бекем стандарттарын қалыптастыру

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ БІЛІМ БЕРУДІҢ МАҚСАТТЫ ТОПТАРЫ:

Мемлекеттік қызметшілер

Соттар, құқық қорғау органдарының қызметшілері

Азаматтық қызметшілер

Үкіметтік емес ұйымдар

Бұқаралық ақпарат құралдары

Діни бірлестіктер

Этномәдени бірлестіктер

Бизнес-бірлестік

Педагогтар, оқытушылар

Студенттер, жастар





Өткізілген шаралар

2015 жылғы бірінші жартыжылдық ішінде Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігімен және оның аумақтық бөлімшелерімен қоғамда сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті арттыруға бағытталған білім беру және сауаттандыру келесі шаралар жинағы өткізілген.



754 лекция мен семинар



281 «дөңгелек үстел»



47 ғылыми-тәжірибелік конференция

Шетелдік сарапшылық бірлестікпен өзара іс-қимыл жасау

2015 жылғы 22 мамыры VIII Астана экономикалық форумы шегінде «Қызметтік этика – сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастырудың басым шарты» тақырыбында «дөңгелек үстел» өтті. Дөңгелек үстел жұмысына шетелдік сарапшылар, Еуропа және Скандинавия, Азия, Таяу Шығыс елдерінің, Ресейдің өкілдері, ҰҚП және «Нұр Отан» партиясының өкілдері қатысты. Шетелдік сарапшылармен Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметшілер арасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру бойынша бастамаларына жоғары баға берілді.



ЕЛДІК ШОЛУ 2015

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ САЯСАТ

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегия

Тоқсан сайындық буклеттің Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаты туралы екінші нөмірі

Авторлар Сіздің пікіріңіз бен ұсыныстарыңызға алыстарын білдіреді. Осы буклеттің қосымша көшірмелерін Агенттіктің сайтында табуға болады:

www.anticorruption.gov.kz

Ескертпе үшін

